

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Өзендер мен көлдер. Суды қорғау

ЖАРИЯЛАНДЫ  
28.01.2018СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/27873/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Джанаева Набат**

Сабақтың мақсаты: 1. Өзен,көлдер және олардың адамға және шаруашылықтарға тигізер пайдасы туралы білімін қалыптастыру.

2.Байқағыштық ,танымдық қабілеттерін дамыту,өздігінен қорытынды шығара білуге дағдыландыру.

3. Дүниетанымдарын кеңейту, экологиялық тәрбие беру.

Пәнаралық байланыс: ана тілі,қазақ тілі.

Сабақтың әдісі: топпен жұмыс,ізденушілік,сұрақ-жауап.

Сабақтың түрі: аралас сабақ.

Сабақтың көрнекілігі: Қазақстанның физикалық картасы,суретті плакат,сызба плакат.

Сабақтың барысы: Ұйымдастыру кезеңі.

Үй тапсырмасын тексеру.

Оқушылардан тақырыпты сұрап шығу.

Ой қозғау сұрақтары: Судың табиғаттағы күйі

Судың күйі неге байланысты болады.

Табиғаттағы су айналымы деген не?

Мағынаны тану: Таулардан өзен ағар сарқыраған

Айнадай сәуле беріп жарқыраған

Жел соқса ,ыстық соқса бір қалыпта

Аралап тау мен тасты арқыраған. Деп кім жазған?

(Ы.алтынсарин )-өліңімен су туралы келесі тақырыпты ашқалы отырмын біздің ғаламшардың көп жері көглідір түске боялған.Ол су.Яғни мұхиттар,теңіздер,өзендер.Су-жер бетінің төрттен үш бөлігін алып жатыр.

Су туралы келесі тақырыбымыз Өзен, көлдер.Суды қорғау.

Мәтін мазмұнын баяндау:

Өзен дегеніміз -өзі салған арнамен ағатын су ағыны.Өзеннің ағып шыққан жері оның бастауы деп аталады. Өзендер екіге бөлінеді: тау өзені және жазық өзендер.

Тау өзені тік жартасты ,сарқырамалы және терең болады.Жазық жерлермен ағатын өзендердің ағысы баяу ,терең емес және олардың ені бірнеше километр болады. Жазықтағы өзендер кеме қатынастары үшін қолайлы.Өзеннің теңізге ,көлге құятын жерін өзен сағасы деп атайды. Әлемдегі ең ұзын көл -Мысырдағы Ніл өзені. Оның ұзындығы -6670 км. Ең қысқа өзен -АҚШ-тағы Ди өзені , оның ұзындығы 37 метр

Қазақстанда 85 мыңға жуық өзендер мен бұлақтар бар.Ертіс, орал,Іле, Еділ,Жайық,Сырдария, Амудария, Тобыл, Қаратал, Бұқтырма өзендерінің бойымен кеме жүзе алады. Ірі өзен маңында су электр станциялары салынады. Су электр станциялары елдер мен өндіріс орындарын арзан электр энергиясымен жабдықтайды.

Ертіс—Семей,Павлодар, Өскемен.

Сырдария—Қызылорда

Іле—Алматы

Жайық—Орал

Тобыл—Қостанай

Есіл—Астана

Талас—Тараз

Шу—Тараз

Біздің Қазақстанда қандай көлдер бар?

Каспий—Ақтау,Атырау

Арал—— Қызылорда

Балқаш——Алматы

Зайсан——Өскемен

Көлдер. Жер бетіндегі суға толған табиғи ойыстарды көл деп атайды. Көлдер жазықта да тауда да кездеседі. Көлдердің ауданы мен тереңдігі әртүрлі болады.Үлкен көлдер теңіз деп аталады.Көл суы ағынды ,ағынсыз болады.Ағынды көлден өзен ағып шығады.Көлге тұз жинақталады,ол өзен суымен ағып кетеді.Сондықтан ағынды көлдің суы тұщы болады.Каспий –ағынсыз көл. Көлдердің шаруашылыққа пайдасы зор.Олардың ең бірінші байлығы –тұщы су.Көлдер кеме қатынасы үшін пайдалы. Мысалы Каспий көлі арқылы Қазақстан, Ресей, Әзірбайжан, Түркменстан, Иран мемлекеттерімен байланысып тұрады.Каспий теңізінен балықтардың түр-түрін аулайды.

Арал –көлемі жөнінен жер шарындағы үшінші орын алатын көл болатын. Бірақ оған құятын Амудария мен Сырдария өзендерінің суын жер суаруға көп жұмсағандықтан ,соңғы кезде Аралдың деңгейі күрт төмендеп кетті.Оның көлемі 40 % -ға қысқарды.

Суы тартылған теңіз түбіндегі тұз құрғап ,одан көтерілкен шаң мен тұз бораны айналадағы ауаны ластады. Табиғаттың күрт нашарлауынан халық арасында түрлі қауіпті аурулар тарады. Міне, өзен мен көл суларын ойланбастан ,ретсіз пайдаланудың неге апарып соғатынын осыдан-ақ көруге болады.

-Суды қорғау:

- Су – ғажайып зат.Олай деуіміздің бірнеше себебі бар.Су бір мезгілге үш түрінде кездеседі.
- Мұз-судың қатты күйі,оның сұйыққа айналуы мен булануы бірге жүреді.
- Су – тіршілік көзі.Тірлігі оттегінсіз өтетін ағза бар,бірақ сусыз тіршілік ететін ағза кездеспейді.Тіршілік құбылыстарының бәрі судың қатысымен жүреді.Сондықтан ағзалар денесі 50-ден 90% дейін судан тұрады. Салмағы 70 кг адамның денесінде 50 кг су бар. Оның мөлшері 17 кг кемісе, адам өміріне қауіпті.

Судың пайдалануы: Өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, күнделікті тұрмыста, тұрғын үйлерде т.б.

Тұщы су алу проблемасы: Тұщы су — 20 %, Тұзды су – 98 %. Дүниежүзінің көптеген елдерінде және Республикамыздағы Кәспий маңы, Орталық Қазақстан жерінде тұщы су

тапшы. Сондықтан тұщы су мен қамтамасыз ету жолдары іздестірілуде.

-Балалар, адам суды қандай мақсатқа пайдаланады? (сызбаны толтыру)

-Су қалай ластанады?

Су пайдаланады ,зиян келеді, ластанады

Өз қажетіне:ішеді, тамаққа пайдаланады, жуынады. т.б,

су шайынды, ластанған суға айналады,

Өнеркәсіпке:

құрылыстарға кен орындарына,мұнай өнеркәсібіне, т.б.

судағы тірі табиғатқа зияны тиеді, ауру тарайды,ауаны ластайды.

Ауыл шаруашылығына:егін егеді, өзендсрге бөгеттерсалады т.б.

өзен, көлдердің суы азаяды, тұз тозаңы ауаға ұшады,жаңбыр сирек жауады т.б.

Дәптермен жұмыс жүргізу

-Венн диаграммасын құрайық:

Өзен: ағады ,тұщы, СУ, Көл: ащы, терең

Бұлақ, бастау, ӨЛІ ТАБИҒАТ, өзен, бұлақ

Жерасты сулары, АДАМҒА ҚАЖЕТ, тұйық, тұйық емес

Балықтар БАЙЛЫҚ балықтар

1-қатар:

Өзен қалай пайда болады?

Өзеннің басталатын жері қалай аталады?

Өзеннің сағасы деген не?

Өзен физикалық картада қалай бейнеленеді?

2-қатар: 5- жолды өлең құрастыру

Көл деген не?

Көлдердің көлемін қандай болады?

Көлдердің суы қандай болады?

Дүние жүзіндегі ең терең көл?

Көл физикалық картада қалай бейнеленеді?

Физикалық картадан көлдерді көрсету?

3-қатар: Су сөзіне бес жол өлең құрастыру:

### 1. Топтық жұмыс

(Су туралы мақал-мәтелдер айту, тиым сөздер сұрау)

М а қ а л д а р

1. Сулы жер — нулы жер.
2. Таста тамыр жоқ, суда қаймақ жоқ.
3. Сулы жер құрақсыз болмас, таулы жер бұлақсыз болмас.
4. Тау мен тасты су бұзар, ел арасын қу бұзар.

Т ы й ы м д а р

- Қайнамаған су ішпе.
- Суға түкірме.
- Суды ластама.
- Суды босқа ағызба.

Ой толғаныс:

Біз бүгінгі сабақта не туралы айттық?

-Су қандай ? (Түссіз, мөлдір, ащы, тұщы)

— Түрлері (Өзен, көл, теңіз жауын - шашын, мұз, бұлт, бұлақ)

— Зиянды заттар (қоқыс, өндіріс қалдықтар, шайынды сулар)

— Пайдасы (көлік, тазалық, ауыз су, өсімдік)

VII. Сабақты қорытындылау.

— Қазіргі кезде адамдардың суды шамадан тыс пайдалануының нәтижесінде қандай қажеттілік туды?

— Қазіргі кезде лас суды тазартатын арнайы қондырғылар орнату қажеттілігі туды.

— Арал теңізін дағдарыстан құтқару қажеттілігі туды.

VII. Шығармашылық жұмыс.

«Су атынан сөйлеймін» тақырыбына шағын эссе жазу.

VIII.Үйге тапсырма. Өздері тұратын жердегі су айдындары туралы үлкендерден сұрап келу және олардың тазалығын бақылап, қорытынды жасау. Мәтінді оқу, мазмұндау.

Үйге тапсырма: Өзен, көлдер.Суды қорғау.

Өзен,көлдерді картадан табу.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.